

БӨЛІМ: ҚҰҚЫҚ

АЭС салудың маңызы неде

ЖАРИЯЛАНДЫ
22.09.2024СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/163973/

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауын жүзеге асыру бойынша заң факультетінің жоспарына сәйкес 20 қыркүйекте сағат 12.00-де заң факультетінің 317-ші дәріс залында, Азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрa меңгерушісінің ғылыми-инновациялық жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасары PhD докторы Мырзатаев Нурмухамед Даулеткеліұлы «АЭС салу бойынша референдум» өткізу бойынша Президент жолдауын жүзеге асыру бойынша заң факультетінің 122-топ студенттерімен кездесу өткізді.

Кездесу барысында Президент жолдануындағы айтылған мәселелер тек сөз жүзінде ғана емес сонымен қатар, оның орындау тетігі бойынша да ойларымен бөлісті.

АЭС салу салмай бойынша республикалық референдум өткізу туралы тапсырма ол жалпы халықтың ойын білу. Сол арқылы халықтың қаншалықты деңгейде сауаттылығы бар екендігі, АЭС қатысты қаншалықты мәліметтермен қаруланғандығы, оның пайдасы мен зараптары туралы алдын ала зерделеп барып саналы түрде сайлауға келу деп түсінеміз.

Сайлау заңнамасында референдум өткізу тәртібі мен оның механизімі бекітіліп қойылған. Қазақстан референдум өткізу бойынша 1995 жылы ҚР Конституциясын осы тәсілмен қабылдаған жалпы жұртқа белгілі. Осы республикалық референдумда қабылданған ҚР Конституциясын қазіргі таңда сан рет өзгерістер мен толықтырулар енгізіп отырмыз.

Жалпы студенттар арасында үш сұрақ бойынша жасырын анкета нәтижесі бойынша: 25 пайызы Иа қажет десе, 35 пайызы Қарсы, 40 пайызы Қалыс қалуды таңдаған.

Әр түрлі кездесулер мен Президент жолдануын жүзеге асыру бойынша осы АЭС қатысты білімалушылар тарапынан қойылған көптеген сұрақтарға жауаптар беріліп болашақта әлі АЭС салу мәселесі бойынша референдум өткізу туралы да біраз келелі пікірлер ортаға салынған еді.

Жастар Президент жолдауын жүзеге асыру бойынша мәселелерді ынтамен тыңдап өздерінің қызығушылықтарын білдірді.

PhD докторы Мырзатаев Нурмухамед Даулеткелдіұлы

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.